

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YWJC7662>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SJQI7622>***Л. Н. Ибраимова¹, С. Ж. Құрмантаева²**

^{1,2}М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІН БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада колледж білімгерлерін отбасылық өмірге рухани құндылықтар арқылы даярлау туралы баяндалады. Сонымен қатар, мақалада тәрбие құндылығы ұғымына да терең талдау берілген. Автор мақалада рухани құндылықтар негізінде колледж білімгерлерін отбасылық өмірге даярлаудың кешенді бағдарламасын ұсынған. Бағдарламада педагогикалық-тәжірибелік жұмыс аясында білімгерлерді отбасылық өмірге дайындауға арналған «Отбасы тәрбиесі – рухани құндылықтар негізі» атты курстық бағдарламасы қарастырылған. Автор мақаласында қарастырылған басты мәселе отбасылық өмірге дайындау болғандықтан, отбасында тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың негізі – тәрбие құндылығына да назар аударып, рухани құндылық тәрбиесі арқылы жастарды отбасылық өмірге даярлау және қазіргі қоғамда отбасы құндылығының мәніне тоқталады. Сонымен қатар, мақалада білімгерлерді отбасылық өмірге даярлаудың басты ұғымдары: тәрбие, оқыту мен дамыту, білім беру болғандықтан, ата-аналарды ұрпақ тәрбиесіне даярлауда педагогикалық-әдістемелік жағынан көмек көрсету – қажеттіліктердің бірі екендігі айтылады. Мақалада еліміздің әр өңірлеріндегі отбасында жұбайлардың ажырасу көрсеткіштері мен себептері дәлелді түрде беріледі. Рухани құндылықтар арқылы отбасы мүшелерінің рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың негіздері қарастырылады.

Еліміздің болашағы жастарымызды отбасылық өмірге неғұрлым ертерек даярлай бастасақ, соғұрлым отбасы құндылығы мен беріктігі сақталып, бақытты балалар мен жан-жақты дамып қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеуге жағдай жасалады деген пікір беріледі.

Кілтті сөздер: отбасы, рухани құндылық, білімгер, салт-дәстүр, бағдарлама, халық, отбасылық өмір, ұлттық тәрбие, қыз, ұл, ата-ана.

Кіріспе

Еліміздің соңғы кезеңдердегі қарқынды дамуы, білім беру жүйесіндегі болып жатқан оңтайлы өзгерістер мен реформалар және ел тәуелсіздігі мен тұрақтығын сақтау мен мемлекетте қабылданған жаңа саяси және ұлттық идеялогияны жүзеге асыру үшін ел экономикасын, саяси ахуалын, өнерін, рухани және әлеуметтік өмірін дамытуда жеке тұлғаның азаматтық позициясы, әлеуеті, рухани-адамгершілік қасиеті, отанға адал қызметі, еңбекке бейімділігі, дүниеге көзқарасы, шығармашылық қабілеттері мен қоғамдағы белсенділігі шешуші рөл атқарады.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев 2014 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде отбасын ең негізгі құндылық және ұлы тарих дей отыра, отбасы адамзат тарихында ұрпақтан ұрпаққа ұлттық салт – дәстүрлер мен ұлттық құндылықтардың сақтаушысы екендігіне тоқталып өткен болатын. Сонымен қатар, Елбасы өз сөзінде: «...отбасы – өз халқыңа, оның мәдениеті мен тұрмысына деген сүйіспеншіліктің сарқылмас қайнар көзі. Ол ата-аналар, балалар мен немерелер бақытының призмасы арқылы өтетін патриотизм мен Отанның өркендеуіне деген мәңгілік қамқорлықтың қайнар көзі. Ол ұрпақтардың ғасырлық өзара байланысы» деп, отбасы мәселелерінің маңызы мен құндылығын егжей-тегжейлі ашып көрсетті [1].

1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Бала құқықтары туралы» Конвенциясында баланың отбасы тәрбиесіндегі мазмұны жан-жақты қарастырылып, отбасында бала дамуына әсер ететін факторларға терең мән берілген. Аталмыш құжатта: «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» деп, отбасы мүшелері, әсіресе, ата-ананың, қоғамның орны мен олардың өзара қарым-қатынасы бала тәрбиесі мен дамуына тікелей ықпалы жайлы айтылды [2].

Еліміздің тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында да ұлтымыздың тарихи кезеңдері халықтың өсіп өркендеуіне себебін тигізгендігіне және қазіргі кездегі білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістердің жаңа қоғамда жастарға саналы тәрбие берудің өзегі екенін айқындай отырып, ұлтымыздың тарихы мен эволюциялық дамуы туралы өзекті ой – ел болашағының, қазіргі саяси жағдайға болжам ретінде айтылғанын көріп отырымыз.

Материалдар мен әдістер

Жоғарыда құжаттардағы көрсетілген мәселелер қазіргі жағдайда отбасында ата мен аналардың өз балаларының тәрбиесіне ерекше мән беруі, кез келген отбасында жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы, оларды отбасылық өмірге даярлау, неке туралы білім беру, бала-ата-аналардың отбасы мүшелерімен, ерекше балаларымен қарым-қатынастарына педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдау және өзара ынтымақтастық жұмыстарын ұйымдастырудың өте қажеттілігін айқындайтыны сөзсіз. Осы тұрғыдан өзекті мәселелердің бірі де бірегейі жалпыадамзаттық, ұлттық, отбасылық құндылықтар, тұлғааралық құндылықтар сияқты көкейкесті мәселелерді тереңірек зерделеп, қолға алу керектігін міндеттейді.

Егеменді ел болып, еңсеміз көтеріліп, жоғалтқан құндылықтарымызды еселеп жатқанымыз бар. Дейтұрғанмен, елімізде отбасы құндылығының мәні төмендегені әйгілі болып тұр. Осы орайда отбасы институты төмендеп, қоғамда қиын кезеңдерді басынан өткізуде. Сонау кеңестік заманның отбасы дағдарыстары, ажырасу мен азаматтық неке, үйленбеген, үйленуді мақсат ете қоймайтын жастардың көбеюі, отбасында ата-ана қадірінің төмендеуі, өскелең жастар арасындағы заң бұзушылықтар мен қылмыс жасаудың өрбуі, некесіз туылған, тастанды «тірі жетім» балалар және т.б. қоғамдағы жат қылықтар мен жағдайлар ешкімді таңқалдырмас, әдеттегі «нормаға» айналып бара жатқандығы – отбасы институтының төмендеуіне әкеліп соқты[3].

Зерттеу мақсаты – отбасы тәрбиесіндегі жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың негіздерін анықтау болды.

Зерттеу міндеттері төмендегідей нақтыланды:

- қазіргі жағдайда отбасы тәрбиесін жанадандырудың оңтайлы тетіктерін анықтап, мектеп, қоғам, отбасы үштіктің бірлескен жұмыстардың шешімдерін жүзеге асыруды зерттеп, сараптау;

- осы тұрғыдан отбасы тәрбиесінің мәні мен балаға ықпалының механизмдерін нақтылап, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын саралау;

- отбасында жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың негіздерін анықтау.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру – біздің ортақ мақсатымыз. Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті, жан жақты дамыған, рухани құндылықтарды бойына сіңіре білген, парасаты басым тұлға етіп тәрбиелеу – отбасы институтының, қоғамның, оның ішінде, білім беру ұйымдарының негізгі міндеті. Қазір елімізде отбасы институтын нығайтуды стратегиялық зерттеулер арқылы анықтап жүргізу, оның жүйелі түрде даму

бағыттарын жан-жақты зерделеу, кешенді білім беру процесіне жаңа серпіліс пен өзгерістердің маңызы өте зор деп білеміз.

Отбасы- адам баласының алтын дінгегі. Жас ұрпақтың толық қажеттілігін қанағаттандыру арқылы отбасында рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптасып, болашақ жұбайлық өмірге даярлаудың сатысы басталады. Отбасы тарихы мен құндылығы ерлі-зайыптылардың, ата мен ананың өзі тәрбиелеп отырған ұрпағы мен қоғам алдындағы жауапкершіліктері нәтижесінде нығая түсетіні анық. Ұлан байтақ еліміздің аймақтарында сол аймақтардың өзіндік салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері, отбасылық дәстүрлері, некеге деген көзқарастары бар екені мәлім.

Нәтижелер мен талқылау

Біз өзіміздің зерттеулеріміз арқылы, атап айтқанда, А. Е. Абенованың «Отбасы тәрбиесінде рухани құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты магистрлік диссертациясында Қазақстандағы соңғы 10 жылда некенің бұзылуы, әсіресе мемлекетіміздің әр өңірлеріндегі- шығыс, батыс, солтүстік аймақтарында оңтүстік өңірімен салыстырғанда жоғары екендігі анықталды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша туылған балалар саны өскендігі байқалды, бірақ ол 2015 жылғы көрсеткіштен аспайды және табиғи өсім де дәл солай болып тұр [3].

Кесте 1 – Соңғы 10 жылдағы бала сандары (жаңа туылған) (1000 адамға шаққанда)

2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
22,53	22,51	22,70	22,73	23,10	22,71	22,52	21,64	21,77	21,77

Кесте 2 – Соңғы 10 жылдағы Қазақстандағы табиғи өсім (1000 адамға шаққанда)

2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
13,58	13,79	14,16	14,73	15,45	15,25	15,15	14,48	14,63	14,56

Бұл көрсеткіштен некеге тұрудың өспегені, керісінше жыл сайын төмендеп бара жатқанын байқаймыз. Ал салыстыра қарастырғанда 2013 жылы некеге тұру саны өскенімен келесі жылдары күрт төмендегені көрінеді. Сонымен 2010 жыл мен 2019 жылдар аралығын салыстыратын болсақ некелесу пайызы 16 % пайызға төмен екендігі байқалды.

Кесте 3 – Соңғы 10 жылдағы некеге тұру саны. (1000 адамға шаққанда)

2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
8,97	9,69	9,81	9,89	9,22	8,48	7,96	7,86	7,54	7,54

Ал елімізде жұбайлардың ажырасу санының артып келе жатқаны алаңдатады. 2019 жылы 2010 жылға қарағанда ажырасу саны 21 % өскен. Бұл көрсеткіштен некеде тұрғандардың қазір шамамен үштен бірінің айырылысып кеткендігі байқалады.

Кесте 4 – Соңғы 10 жылдағы ажырасу саны (1000 адамға шаққанда)

2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
2,55	2,71	2,89	3,02	3,05	3,04	2,92	3,03	3,00	3,23

Ажырасу жағынан көп болып келетіндерге Түркістан мен Жамбыл облыстары жатады. Бұл облыстарда 6 некелесуге 1 айырылысу келеді екен. Ал Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облыстарында екі некелесуге 1 ажырасу келеді. Сонымен қатар, ажырасудың салыстырмалы түрдегі аздығы Қызылорда, Атырау және Алматы облыстарында да байқалады. Зерттеуші А. Е. Абенова Л. Н. Ибраимованың жетекшілігімен «Отбасы тәрбиесінде рухани құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында орындаған магистрлік диссертациясында осы мәселелер төңірегіндегі өз зерттеу нәтижелерін кестеде көрсетеді.

Аталған облыстардағы отбасында ұлттық қазақи тәрбиенің сақталып, негізге алынғандығы мен жұбайлық өмірге дайындық пен неке құндылығы жоғары бағаланатыны байқалды. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары, өнері мен әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары отбасылық өмірге даярлау мен отбасы дәстүрін сақтауға ықпалының берік екендігі анық. Дегенмен, жастар арасында ажырасу мәселесінің себептері өте көп байқалады. Олар: ерлі-зайыптылардың денсаулығына, басқа да себептерге байланысты бала болмауы (жастардың баланы өмірге әкелуді жоспарлауы т.б.), материалдық құндылықтарды ең негіз етіп қарастыру – өзара түсінбеушілік немесе психологиялық тұрғыдан мінездің жараспауы, бір-бірін қызғану, отбасындағы зорлық-зомбылық, қиындыққа шыдамдылық танытпау, ата-ананы тыңдамау, отбасы дәстүрін сақтамау және т.б. Осындай жағдайлар, отбасындағы келеңсіз оқиғалар алаңдатпай қоймайды. Сондықтан да ұлт болашағы жақсы болу үшін бірлесіп қоғам, әлеуметтік институттар, білім беру ұйымдары, отбасы жүйелі түрде кешенді тәрбиелік мақсатта ұйымдастырылған іс-шараларды енгізу қажеттігі анық болып тұр. Бұлай дейтініміз, еліміздің тарихында бұрын сонды

болмаған келеңсіз жағдайлар мемлекетіміздің өркениетінің, ұлттық тәрбиенің ескерілмей, жойылып бара жатқаны аландатады.

Кез келген мемлекеттің тірегі- рухани-адамгершілік тәрбиесі қалыптасқан отбасы. Бүгінгі кезеңде отбасы көптеген әлеуметтік салалармен байланыста болу керек. Олар, мектепалды дайындық мекемелері, мектеп және арнайы, жоғары оқу орындары, өнер, мәдениет ошақтары, шығармашылық орталықтар, жастар ұйымдары, көрме залдары мен кітапханалар, мұражайлар, туристік орталықтар, әр түрлі қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, орта және шағын бизнес өкілдерімен т.б. тығыз қарым-қатынаста болып, етене араласуы жас ұрпағымыздың тәуелсіз мемлекетімізде өркениетті бағытта дамуы мен тәрбие алуына зор мүмкіндік береді. Қазіргі кезде қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен зерттеулеріне арқау болып, нақты тұжырымдар айтуға мүмкіндік жасап отыр.

Әрине, отбасы тәрбиесіне тікелей отбасы тәлімгерлері, ата-ана жауапты. Жаңыда ата-ана беделі – басты талап болу керек. Бала тәрбиесін жүзеге асыруда оның ата-анасының өзара қарым-қатынасы, сыйластығы, моральдік-психологиялық ахуал, әлеуметтік жағдай, ең негізгісі- баланы жақсы көру, оның пікірімен санасу т.б. мәселелер педагогикалық жоғары талап болып саналады. Дегенмен, ата-аналар өз тарапынан бұнымен қатар, баланың іс-әрекетін, өмірге деген көзқарасын, дүниетанымын, қызығушылығын, әлеуметтік желідегі пікірі мен достарын жете қадағалап отырулары шарт. Ал мұғалімдер мен оқытушылар тарапынан оқушы мен студенттің әлеуметтік портреті, ата-анасы, отбасы туралы педагогикалық талдау – әлеуметтік, психологиялық, ақпараттық көмек көрсету болып табылады.

Студенттерді жұбайлық өмірге даярлаудың негізі: тәрбие, оқыту, дамыту, қалыптастыру мен білім беру, ата-аналарға психологиялық көмек көрсету – басты міндеттердің бірі болмақ.

Жастарымызды отбасылық өмірге даярлауды жүйелі негізде ұйымдастыру қолға алынатын болса, әр отбасының болашағы, тазалығы, құндылығы мен берік ұстанымдары нығайып, отбасы ұрпағы жан-жақты дамып қалыптасады және оның болашағына жағдай жасалады.

Ә. Әбенованың зерттеу жұмысы бойынша сауалнама нәтижесін талдау кезінде төмендегідей нәтиже анықталып, көрсетілді:

- отбасылық тәрбиеге ата-аналардың дайындық деңгейінің төменділігі;
- отбасы мен колледждің өзара ынтымақтасуына деген адекватты емес қатынас;
- ұлттық рухта отбасылық тәрбие беруге ниеттілігі;
- баланың тұлғалық қалыптасуына колледждің тәрбиелік ықпалы маңыздылығының төмен бағалануы (қарым-қатынас, бейімделу, денсаулықты сақтау қиындықтары) [3].

Колледж білімгерлерін таңдаудың өзіндік себептері бар. Колледжге білімгерлер мектептің тоғызыншы сыныбын аяқтап, көбінесе 14–15 жас аралығында оқуға түседі. Бұл жас кезеңінің ерекшеліктері бұрыннан белгілі. Жасөспірімдер күрделі биологиялық және психологиялық дағдарыстарды басынан кешіреді. Бұл уақытта олар тұлғалық қасиеттерін жетілдіріп, ересек өмірге көзқарастары қалыптаса бастайды. Бірақ қоғамның түрлі теріс ағымдары мен кертартпа әсерлерінің ықпалы да зор екендігі ақиқат. Жаны нәзік, депрессияға бейім жастардың өмірлік көзқарастары да теріс бағытта қалыптасып, болашағына зиянын келтіруі мүмкін [3].

«Отбасы тәрбиесі – рухани құндылықтар негізі» тақырыбындағы элективті курс мазмұны білімгерлерді отбасылық өмірге даярлауда көмекші құрал болып табылады. Элективті курс Тараз қаласы, Абай атындағы Жамбыл жоғары гуманитарлық колледжінің 1–2 курс білімгерлеріне жүргізілді. Рухани құндылықтар арқылы жастарға отбасы тәрбиесінің мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіру мақсатындағы жүргізілген бұл курстың тиімділігі мен маңызының өте зор екені байқалды. 1–2 курс білімгерлерінің жас айырмашылықтары онша көп емес, дегенмен, әр курстың өз ерекшеліктері мен өзгешілігі бар, соны ескерген жөн деп ойлаймыз.

Бағдарламада төмендегідей міндеттер айқындалды:

- Жеке тұлғаның дамуы қалыпты жағдайда болуына отбасының маңызы мен отбасы құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Жастарды отбасылық даярлаудың негізін анықтау;
- Отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары: өзара түсіністік, отбасы мүшелеріне көмек, қамқорлық, жұбайлық өмірге дайындық, өмірге бала әкелу, отбасы дәстүрлері мен тарихы, отбасылық шежіре, туыстық қарым-қатынас, т.б. туралы түсініктерін ашып түсіндіру;
- Ата-ананың, отбасы мүшелерінің отбасылық мәселелерді шешудегі күзіреттілігін қалыптастыру.

Кесте 5 – «Отбасы тәрбиесі – рухани құндылықтар негізі» қосымша курсының бағдарламасы

№	Модульдер мен тақырыптардың аталуы	Сағат саны	
		Дәріс	Семинар
I Модуль. Отбасы мен неке институтының мазмұны			
1	Неке және отбасылық өмір	2	1
2	Жеке тұлғаның жас ерекшеліктері	2	1

3	Отбасылық қарым-қатынастар психологиясы	2	1
4	Отбасылық дәстүрлер мен неке тазалығы	2	1
5	Жұбайлық өмірге дайындық	2	1
II Модуль. Бала және отбасы			
1	Ғалымдар еңбектеріндегі отбасы тәрбиесі жайлы	4	1
2	Отбасы институты және қоғам	2	1
3	Баланың жас және дербес ерекшеліктері	2	1
4	Қазіргі отбасы тәрбиесі ерекшеліктері	2	1
III Модуль. Отбасы ұстанымдары			
1	Рухани-адамгершілік ұстанымдар	2	1
2	Отбасылық шежіре	2	1
3	Отбасылық өмірге даярлау ұстанымдары	2	1
4	Психологиялық тренингтер	4	1
Барлығы:		30	13

Осы қарастырылған мәселелерді жүзеге асыруға арналған арнайы бағдарламаны колледж білімгерлеріне ұсынуға болады. Аталмыш бағдарламада көрсетілген жоспардағы тақырыптар бойынша Тараз қаласы, Абай атындағы Жамбыл жоғары гуманитарлық колледж студенттеріне дәрістер өткізіліп, практикалық сабақтар жүргізілді. Сонымен қатар қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылып, студенттердің нақты берілген тақырыптар бойынша мазмұнды толық меңгерулеріне мүмкіндік жасалды. Өткізілген тақырыптық психологиялық тренингтер курстың мазмұнын толықтырып, аша түсті. Тренингке тек студент жастар емес, колледж оқытушылары мен ата-аналары қатыстырылды. Бірлесіп атқарылған жұмыстар өз нәтижесін береді.

Қорыта келе айтарымыз, жас ұрпағымызға ұлтымыздың сан ғасырлар бойы баланы отбасылық өмірге даярлаудың теориялық негіздері мен педагогикалық ықпалының анықталғандығы, ұрпағымызға рухани құндылықтарды бойына сіңіру- ең негізге мәселе екендігі айқындалды отыр. Отбасы мен білім беру ошақтарында ата-ана мен педагогтардың бірлесіп, ұйымдасқан түрде жүйелі жұмыстарының нәтиже беретіні айқындалды. Сол үшін жастарды отбасылық өмірге даярлау мақсатындағы элективты курстар өткізу өз нәтижесін береді деп санаймыз.

Қорытынды

Мақала барысында қарастырылған мәселелер жас ұрпаққа берілетін тәрбие отбасы арқылы жүзеге асырылатынын, оған қоғам, әлеуметтік институттар, отбасы институты, білім беру ұйымдары негізгі арқау болатыны анықталып отыр. Тәрбие мен білім-егіз ұғымдар. Ең негізгі құндылықтардың бірі-отбасылық құндылық. Қазіргі кезде басты мәселе-

адам тәрбиесі. Отбасылық өмірге дайындық, некеге деген дұрыс көзқарас пен жауапкершілікті ұғындыру оңай емес. Дегенмен, барлық ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қазақтың бір сөзбен тыю, үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидасын ұстану, неке тазалығын насихаттап, әйелдің қоғамдағы орны мен ролін көтеру – басты мақсат болу керек. Осы тұрғыдан тұлғаның рухани дамуы қалыптастырылып, ойдың тазалық, рухтық сипатта өзара үйлесімділікте болуы тиіс. Отбасында бала жас шыбық сияқты. Мәпелеп өсіру бір жағынан болса, оған рухани әлемінің дұрыс қалыптасуына тікелей ата-анасы, отбасы тәлімгерлері жауапты болуы тиіс. Жұбайлық өмірдің қиыншылығы менмәдениетін, шешу жолдарын өз отбасынан көріп байқайды және осы өмірге дайындықты өз отбасынан бастау алады.

Сол себепті де бала дамуы мен қалыптасуындағы барлық кезеңдері отбасында, сол отбасы мүшелерімен тығыз қарым-қатынаста өтеді. Сондықтан, отбасы келеңсіз жағдайларды болдырмау мен алдын-алуды мақсат етуі қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 <http://egemen.kz/2015/03/04/51567> [Электронды ресурс].
- 2 Бала құқықтары туралы Конвенция. – 1995. – Б. 1.
- 3 **Әбенова, Ә. Е.** Отбасы тәрбиесінде рухани құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары : магистрлік диссертация [Мәтін]. –Тараз, 2020. – Б. 85.
- 4 **Ибраимова, Л. Н.** Қазақ отбасы тәрбиесін беру. Монография. – Алматы : Фолиант, 2019. – Б. 255.
- 5 **Куанышбаева, Ж. Ж.** Қазақстан Республикасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар (саясаттанулық талдау) : PhD... ғыл. дәрежесін алу үшін дайын. 6D050200 – Саясаттану. – Алматы, 2015. – Б. 175.
- 6 **Новиков, Н. И.** О воспитании и наставлении детей : для распространения общеполезных знаний и всеобщего благополучия [Мәтін]. – М. : Издательство Директ-Медиа, 2015. – С. 145.
- 7 **Ибраимова, Л. Н., Абдикеримова, П. Ж., Алиева, П. С.** Қазақ отбасы тәрбиесі : оқу құралы. – Тараз, 2016. – Б. 160.
- 8 **Атемова, Қ. Т.** Қазақ отбасы тәрбиесінің даму тарихы : монография. – Алматы : Қазақ университеті, 2007. – Б. 351.
- 9 **Жүндібаева, Т.** Отбасы педагогикасы : оқу құралы. – Алматы, 2014. – Б. 287.

10 **Абсатова, М. А., Нишанбаева, С. З.** «Отбасылық құндылықтар» ұғымының сипаттамасы// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы.– 2017. – № 1. – Б. 52–56.

REFERENCES

1 <http://egemen.kz/2015/03/04/515671> [elektrondy resýrs] – Nur- Sultan, 2021.

2 Balanyn quqygy turaly konvensia[Convention on the rights of the child] [Text] – 1995. – P.1.

3 **Abenova, A. B.** Otباسi tarbiesinde ruhany kundylyktaryn kalypastyrydyn pedaқoқikalyk charttary:maqistr.dissertazia[Pedagogical conditions for the formation of spiritual values in family education][Text] .–Taraz,2020.– P.85.

4 **Ibraimova, L. N.** Otбasy tarbiesin bery: Monografia.– [Text]. – Almaty, 2019. – P.255.

5 **Kuanysbaeva, J. J.** Qazaqstan Respublikasyndaғы jalpyadamzattyq және ұlтыq құндыlyqtar:PhD. gyl. darejesin alu usın daiynd. 6D050200 – Saíasattany. [Mental and national values in the Republic of Kazakhstan:PhD. science prepare for the degree. 6D050200-Political Science][Text].– Almaty, 2015. – P.175.

6 **Novikov, N. I.** O vospitanii i nastavlenii detei: dla rasprostranenia obsepoleznyh znani i vseobşeqo blaқopoluchia[On education and instruction of children: for the dissemination of generally useful knowledge and general well-being][Text] .– M. : Direkt-Media, 2015. – P.145.

7 **Ibraimova, L. N., Abdikerimova, P. J., Alieva, P. S.** Qazaq otбasy tärbiesi:оqu quraly[Kazakh family education: textbook][Text] .–Taraz, 2016. – P. 160.

8 **Atemova, Q. T.** Qazaq otбasy tärbiesinin damu tarihy[History of the development of Kazakh family education: monograph][Text].– Almaty: Qazaq universiteti.– 2007. – P. 351.

9 **Jundibaeva, T.** Otбasy pedaқoқikasy: оqý quraly[Family pedagogy: textbook][Text]. – Almaty, 2014. – P. 287.

10 **Absatova, M. A., Nişanbaeva, S. Z.** «Otбasylyq qundylyqtar» ugymynyn sipattamasy [Description of the concept of family values][Text] . – Abai atyndaqy Qazaq ulttyq pedaқoқikalyq Universiteti Habarşy, 2017. –№ 1. – P. 52–56.

Материал 14.12.22 баспаға түсті.

*Л. Н. Ибраимова¹, С. Ж. Курмантаева²

^{1,2}Институт «Устаз», Таразский региональный

университет имени М. Х. Дулати,

Республика Казахстан, г. Тараз.

Материал поступил в редакцию 14.12.22.

ПОДГОТОВКА К СЕМЕЙНОЙ ЖИЗНИ НА ОСНОВЕ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

В статье рассказывается о подготовке обучающихся колледжа к семейной жизни через духовные ценности. Кроме того, в статье дан глубокий анализ понятию ценности воспитания. В статье автор предлагает комплексную программу подготовки обучающихся колледжа к семейной жизни на основе духовных ценностей. Программой предусмотрена программа курса «Семейное воспитание – основа духовных ценностей», предназначенная для подготовки обучающихся к семейной жизни в рамках педагогической и практической работы. Поскольку главной проблемой, рассматриваемой автором в статье, является подготовка человека к семейной жизни, то основное внимание в семье уделяется ценности воспитания – формированию духовных ценностей личности, подготовка молодежи к семейной жизни через духовно-ценностное воспитание и в современном обществе делается глубокий акцент на ценности семьи. Кроме того, в статье подчеркивается, что, поскольку основными компонентами подготовки обучающихся к семейной жизни являются воспитание, обучение и образование, одной из главных потребностей является оказание педагогически-методической помощи в подготовке родителей к воспитанию поколения. Было высказано мнение, что чем раньше мы начнем готовить молодежь к семейной жизни, тем больше сохранится ценность и сила семьи, будут созданы условия для воспитания счастливых детей и всесторонне развивающихся личностей. В статье аргументированно приводятся показатели и причины развода супругов в семье в разных регионах страны. Рассматриваются основы формирования духовно-нравственных ценностей членов семьи через духовные ценности.

Ключевые слова: семья, духовные ценности, студент, традиции, программа, народ, семейная жизнь, национальное воспитание, девочка, мальчик, родители.

*L. N. Ibraimova¹, S. G. Kurmantaeva²

^{1,2}«Ustaz» Institute, M. Kh. Dulaty Taraz Regional University,
Republic of Kazakhstan, Taraz.

Material received on 14.12.22.

PREPARATION FOR FAMILY LIFE ON THE BASIS OF SPIRITUAL VALUES

The article describes the preparation of college students for family life through spiritual values. In addition, the article provides a deep analysis of the concept of the value of education. In the article, the author offers a comprehensive program for preparing college students for family life based on spiritual values. The program provides a course program «Family – the support of spiritual values of the individual», designed to prepare students for family life in the framework of pedagogical and practical work. Since the main issue addressed by the author of the article is to prepare a person to family life, the focus paid in the family value of education – the formation of spiritual values, personality, training young people for family life through spiritual and value education in modern society is a deep emphasis on family values. In addition, the article emphasizes that, since the main components of preparing students for family life are upbringing, training and education, one of the main needs is to provide pedagogical and methodological assistance in preparing parents for the upbringing of the generation. It was suggested that the sooner we begin to prepare young people for family life, the more the value and strength of the family will be preserved, the conditions will be created for the upbringing of happy children and comprehensively developing personalities. In the article the indicators and reasons for divorce of spouses in families in different regions of the country are presented in a reasoned manner. The basis for the formation of spiritual and moral values of family members through spiritual values is considered.

Keywords: family, spiritual values, student, traditions, program, people, family life, national education, girl, boy, parents.

Теруге 14.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,79 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,2.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3997

Сдано в набор 14.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

3,79 Мб RAM

Усл.п.л. 25,2. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3997

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz